

СЫР БОЙИ



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

6

ҚАЗАН
СЕЙСЕНБІ

2015 жыл
№150 (19038)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТИ

www.syrboi.kz

Был тұғанына 125 жыл толатын, сонау 1942 жылы Еуропа төрінде, Германия жеріндегі қайтыс болған ұлы күрестер Мұстафа Шоқайдың саяси қызыметін еki бағытта қарастырган жөн. Бірі – ұйымдастыруышылқ іс-әрекет. Екіншісі – шығармашылық қызымет.

Мұстафа Шоқайдың тәуелсіздік санасының қалыптастасуы өз заманымен, патшалық Ресейдің отарларын саясатымен тікелей байланысты болды. Ойы сергек, ары таза жаңынан сезімінде ең алғаш өзін-өнген саяси-әлеуметтік ортада болған жайлар терең із қалдырады. Бұл туралы жолдасы Мария Шоқайдың «Мениң Мұстафам» атты естелігінде патшаның жергілікті шенеуінктерінің Шоқай әулетінің еки рет кірпіштен салынған үйін акысыз-пұлсыз иеленсе, ал егістігін тіпті тартып алғаны

және Петроградтың окушы жастары «Сиратель-Мұстаким» жақтаушыларының жаңа әрекеттері туралы» үндеу кабылдаулыры, діннің тазалығын мәселе етіп көтерулері болашаққа бағдар болатын.

Дегенмен, Мұстафа Шоқай Алаштың басқа жетекшілері сиякты тәуелсіз идеясына даңғыл жолмен келген жок. Мысалы, 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революцияның нәтижесінде патшалық монархияның тақтадан түсін кызу қолданған Э.Бекейхан, М.Дулатұлы және М.Шоқайлардың «Алаш ұлына» атты сүйінші хатта: «Азаттық таны атты. Тілекке құдай жеткізді. Күн кеше күл едік, енді бұ күн тенелдік. Кам коніде каяу арман қалған жок. ...Россия қол астындағы халықтардың бәріне: дін, ұлт, тіл айырмасына қарамай, азаттық әперді» деп жазған болатын. Алайда

тепкісінде жатқан Түркістан ұлттық ұйымының күткіру мүмкін еместігін түсінді. Ел ішіндегі кеңестік саясатқа қарсы әртурлі бас көтерулерден хабардар Мұстафа Шоқай 1930 жылы жазған «Көтерілістен – ұйымшылдық» деген мақаласында өзара байланысы жок жергілікті сипаттағы бой көтерулермен атамекенді азат етуге болмайтындығын ескертे отырып, ол құшті бір саяси ұйымға бірігуді алға тартты. Сондай «Түркістан ұлттық бірлігі (ТҰБ)» атты ұйымның Орталық комитетінің алдымен мүшесі, кейін жетекшісі ретінде ол алда тұрған ен маңызды міндетті былай айқындал еді: 1) Түркістанды орыс пролетариаты үстемдігінен күткіру; 2) Түркістанда орыстың кез келген үстемдігінің орнауына жол бермеу; 3) Бәрінен бұрын ұлттық, тәуелсіз Түркістан мемлекеттің құру болып табылады. Бұл әртаратап бытырап жүрген жас түркістандықтарды тәуелсіздік мұраттар жолындағы қасиетті курес майданына топтастырудың бірден-бір жолы болатын.

Мұстафа Шоқай азаттық пен тәуелсіздікке бастайтын ен төте және ен қыска жол – Түркістан ұлттық майданының ішкі бірлігін барынша нығайта отырып, оны ұлт-азаттығы үшін курес жүргізіп жатқан басқа халықтардың құрес орталықтарымен тығыз үйлестіру қажеттігін, онсыз азаттық пен бостандық бос сез болу мүмкін деп ескертті. Осы жолда Еділ-Орал, Қырым, Әзіrbайжанда тұратындар бауырлармен қатар Кавказ халықтары, Украина жөнде орыс казактарының тәуелсіз мемлекет құру жолына түсken белгімен ұйымдық тұрғыдан тығыз байланыстар орнату қажеттігін, бір орталықка біріккен бірынғай майдан құру көркеттігін де алға тартты. Осы бағытта «Достық комитеті» құрылып, онда Шоқай белсенді қызметті аткарды. Сонымен бірге 1928 жылы Варшавада Польшаның Бас штабы мен Сыртқы істер министрлігінің Шығыс бөлімі эмигранттардың барлық топтарын біріктіру және КСРО-ға қарсы пайдалану туралы Ю.Пильсускийдің алға койған міндеттеріне байланысты құрылған «Прометей» (Ресейдің езгісіндегі халықтар лигасы) халықаралық ұйымында да қызметті аткарды. Бұл ұйымға Әзіrbайжан, Дон, Карелия, Грузия, Волга бойы, Қырым, Кубань, Солтустік Кавказ, Түркістан, Украинаның және басқалардың өкілдері кірген еді. 1934 жылы жазылған «Кавказия федерациялық көлісімі» атты мақалада бұл ұйымға мынандай сенім көрсетілді: «Біздерге, Ресейдің белінің өзіміздің тәуелсіз мемлекеттің құру мақсатында куресіп келе жатқан халықтарға, Ресейге қарсы бағытталған ұлттық куресіміздің мүддесі тұрғысынан қараганда Кавказ мәселесі айрышка маңызды. ...Біз бұл көлісімді таяу болашақта ез рөлін толық аткарлы, атамекеніміздің орыс империализмінің бұғауынан құтқаруға көмектеседі деген үміттеміз». Осы міндетті жузеге асыру үшін саяси қурестік мынандай тамаша тактикасын ұсынады: «Орыс империализміне қарсы курес майданындағылардың ұлтын, дінін, наслілін, партиясын тергеп-тектемейік, алаламайық. Тек осындағы жолға бізде ұлттық азаттыққа жеткізе алады... Бұдан басқа жолдардың барлығы алдамшы, түйік». Мұндай тәсілдерді таңдал алу да ұлттық талап-тілектердің толық жүзеге асырылуына көмектесеттін саяси курес тәжірибесі талай рет дәлелдегендег болатын.

Көреген саясаткер Мұстафа Шоқайдың 1930 жылғы «Түркістан ақындарынан» атты мақаласында айтылған «Біз құл болып тұра алмаймыз. Біз ұлт азаттығымызды аламыз» деген асыл арманы араға алпсыз жыл салып барып жүзеге асты.

Мұстафа Шоқай еліне деген сарғайған шексіз саясыйнан бір сәт баса алмай, жат жерді мәңгілік мекен етті. Алайда ұлы тұғаның асақ арманы орындалды. Еліндегі тәуелсіздікке жеткен, мәні мен мазмұны жағынан жаңа тұрпаттағы мемлекет құрып жатқан сүйікті халқы бар. Сол халқына мәнгі өлмейтін шығармаларының 12 томдық толық жинағы жетті. Бұл телегей-төңіз мол мұра бүгінгі Қазақстанымыздың руханинасынан байыттып, келешегін кемелдендіре түсуге иғі ықпал етегі сөзсіз.

Әбдіжелел БӘКІР,

саяси ғылымдарының докторы,
Қазақ гуманитарлық заң университетінін профессоры.

МҰСТАФА ШОҚАЙ МҰРАСЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ

жөнінде айтылған. Соңан соң Мұстафа Ташкенттегі гимназияны өте жақсы бітіргенде оған тиісті алтын медальдың генерал Самсоновтың орыс баласына жаздырыған еді. Сондай-ақ сол кезегінде қазақ, қыргыз, езбек, түркімен, қарақалпак, орыс және басқа түрлі ұлт өкілдері тұратын Орта Азия кіндігі, Түркістан аймағының бас қаласына елден келген кісілдердің түрлі етініш-арыздарын шешүгे катыса отырып, жергілікті жүртшылық арасындағы әлеуметтік, құқықтың тенсіздікін көзін көрді, жүргімен сезді. Болашак саясаткердің Петербургте оқыған, қызметті аткарған жылдарда да оның саяси университетті болды. Ең алдымен ол терең білім алды, соңан соң орыс зиялды қауымының революциялық-демократиялық және либералистік топтарының ықпалынмен саяси еркіндік пен әлеуметтік әділдікте жақтаған демократиялық үрдістерді бойына сінірді. Мұстафа Шоқай 1933 жылғы «Есімдегілерден...» (Ресейдегі түрлі студенттер өмірінен) атты мақаласында «Мен Ресейді реакция жайлайған, жоғары оку орындары, әсіресе, университеттер тікелей полицияның бакылауына алынған 1910-1914 жылдары Петербург университеттінде оқып жүрген болатынымы. Жағдайын сондайлығына қарамастан, біз, студенттер, саяси бой көрсетулерге шығатынбыз. Үкіметке қарсы шешімдер қабылдан, көшелерде демонстрациялар жасайтынбыз» деп жазуы өзінің студенттер арасындағы саяси қозғалыстар ортасында болғандығын айқағытады.

Мұстафа Шоқайдың өзіндік ой-пікірінен алғашкы көріністерін арасында өзі де бар бір топ студенттердің 1913 жылдан шыға бастаған «Қазақ» газетінде жолдаған құттықтау хаттарынан да анғаруға болады. Олар Орынборда шықпакшы болып жатқан «Қазақ» газеттін «қадамы қайырлы, бауы берік, өмір жасы үзак болып, максұтқа жетпегін тілекстіктерін» білдіре отырып, қазақ жүртіштың аса маңызды еки мәселені көтереді. Оның бірі – «Қазақ» газеттің «бір жағадан бас шығарып, бір ауыздан сөз шығарып», «мұндың жүртшылыздың мұндастырып, бірінің халжайын бір біліп тұруына да жәрдемдесу». Екіншісі – «бір нарсе жағзанда басқа еріп, фарсы, ногай қарындастарымыздың (кандас, туыс деген магынада – Ә.Б.) сөздерін; орынша оқығандарымыз орыс, яки басқа Еуропа жүртішінің тілдерін орынсыз көп кірістірмей, өзіміздің қазақтың нағызы кара тілімен жазу». Осыларды оқи отырып, мемлекеттік мәртебеге ие болғанына ширек ғасырдан асса да, ана тіліміздің тәуелсіз еліміздің төрнен шыға алмай отырғаны еріксіз ойланырады. Сондай-ақ Петербурда оқытын түркі халықтарының бір топ жастарының (шінде Мұстафа Шоқай да бар – Ә.Б.) екінші бір тоptyның құрган патшага жағымды дін үйін құргандарына қарсы шығып, «Сиратель-Мұстаким»

көп ұзамай-ақ Уақытша үкіметтің саяси әрекетіне баға бере отырып, Мұстафа Шоқай өзінің «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» деген туындысында: «Біз бұл тұста 1917 жылғы революция үлттық мемлекет құруымыза мүмкіндік береді деп үміттеп, сеніп едік. Бұл үмітіміз бен сеніміміз ақталмай, алданып қалдық» деп жазған-тұғын.

Университетті белгілі себептермен мерзімінен кештеу болса да, ойдағыдан бітіріп, елге оралған Мұстафа Шоқай саяси қозғалыстың қайнаған қазанында үтсіде оттегі де кетті. Бұл 1917 жылы 22 қарашада Ташкентде Түркістан кеңестерінің өлкелі съезінің қорытындыларына риза болмаган Мұстафа Шоқай бастаған топ 1917 жылы 28 қарашада Қоқан қаласында откен аймак мұсылмандарының IV Төтешше съезінде Түркістан аймалын Ресей демократиялық республикасымен бірлікте, жүрт өзін-өзі басқаруға, белек жасауға еркіті террориялық автономия етіп жариялайды. Бұл, шын мәнінде, Түркістан халықтарының саяси, экономикалық және рухани дербестікке үмттылысының көрінісі еді. Алайда Мұстафа Шоқай 1930 жылы жазылған «Автономиядан – тәуелсіздікке» атты мақаласында Түркістан (Қоқан) автономиясы туралы өзінің ойларын былай корытындылаган болатын: «Автономия біздің басымыздан кешкен бір тарихи құбылыс. Бүгін біз оны еске түсіруменен ғана шектеміз. Қайталаімьыз!»

Міні, мұның барлығы Мұстафа Шоқайдың Түркістаның тәуелсіздігі жолындағы саяси куресінің баспақтақтары болатын. Ал тәуелсіз үшін курес идеясы, халқының азаттық алуы туралы ой-тұрғыымдар 20-жылдардың аяғына қарай айқындалды.

Мұстафа Шоқайға жат жердегі мұғажырлық (эмigrationalyk-автор) өмірдің тауқыметтің тарта отырып, үлттының азаттығы үшін куресін бір сәт толастатқан емес. Айырмасы енді куресті негізінен қалам үшімен жалғастырды. Бұдан кейінгі мұрат Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны жағынан да үлттық болатын мемлекеттік құрылымға қол жеткізу болмак, соңда ғана қалыптың өз жерінің нағыз қожасы бола алады деп атап көрсеткен болатын. Осыдан сегіз жыл кейін жазылған «Жауаларымыз біздің қызметтеріміз туралы не айтады?» атты мақаласында «Бұл – біздің үлттық мұраттымыз, үлттық арман-мұддеміз. Біз тек осы идея ғана үшін қызмет етеміз. Атамекініздің ішіндегі және сыртындағы барлық үлттық құштерімізді осы идея тәртіптерінде топтастыруға барынша тырысамыз» деп жазды.

Мұстафа Шоқай тәуелсіздік үшін курестің тактикасын да нақты көрсете алды. Ол үлттық жаудың тым құшті екенін, сондықтан большевиктер